Кіріспе курс — Пайдаланушы таңдаған Курс шеңберінде Сервистегі жекелеген Бағдарламаларда көзделген, Сервистің жұмысымен танысу және Пайдаланушы таңдаған Курс бойынша Толық курс шеңберінде Пайдаланушының Сервиске қол жеткізуді жалғастыру мүмкіндігін анықтау үшін Сервисте тіркелген кезде Пайдаланушыға бір рет берілетін Бағдарламаға қол жеткізу сағаттарының белгілі бір санына есептелген қол жеткізу мүмкіндігін беру кезеңі. Кіріспе курс шеңберіндегі қол жеткізу сағаттарының дәл саны Пайдаланушы таңдаған Курсқа байланысты және Сервисте орналастырылған Бағдарламада анықталады.

Шарт — ҚР АҚ 396-бабына сәйкес Орындаушы мен Пайдаланушы арасында осы Офертаның 4-бөлімінде көзделген тәртіппен Пайдаланушының Офертаны акцептеуі арқылы жазбаша нысанда жасалған ақылы Сервиске қол жеткізу қызметтерін көрсету туралы шарт.

Когорта — сол бір Бағдарлама бойынша Толық курстан өту үшін қол жеткізу бір уақытта берілетін Пайдаланушылар тобы. Когортаға қол жеткізу берілген күн Пайдаланушы Толық курсты төлеген кезде төлем бетінде, ал төлегеннен кейін Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсетіледі.

Курс — белгілі бір модульдер жинағымен Сервисте ұсынылған Бағдарлама бойынша бағыт, модульдер туралы ақпарат Сервисте орналастырылған.

Модуль — Бағдарламалар шеңберінде белгілі бір тақырыппен біріктірілген мәтіндердің, аудиовизуалды материалдардың және практикалық тапсырмалардың жинағы.

Жеке кабинет / Пайдаланушының Жеке кабинеті — тіркелген және авторландырылған Пайдаланушыға Сервисте өзінің Дербес ақпаратына, сондай-ақ әдістемелік материалдарды, Бағдарламалар шеңберінде ұсынылған аудиовизуалды контентті қоса алғанда, Пайдаланушы алған және сатып алған Бағдарламаларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін Сервистің арнайы бөлімі.

Дербес ақпарат — Пайдаланушы осы Офертаны акцепттеу кезінде Сервисте көрсеткен, сондай-ақ Сервисті пайдалану барысында алынған Пайдаланушы туралы ақпарат, оның ішінде дербес деректер.

Толық курс — Бағдарламаға қол жеткізу сағаттарының белгілі бір санына есептелген, теориялық, практикалық, аудиовизуалды материалдардың кеңейтілген жинағын қамтитын Пайдаланушы таңдаған Курстың шеңберінде Сервистегі Бағдарламаға кеңейтілген ақылы қол жеткізуді ұсыну. Егер бұл Бағдарламада көзделген болса, Толық курс шеңберінде Орындаушы Сервис маманының (тәлімгердің, тьютордың, жаттықтырушының) Пайдаланушы таңдаған Курстың шеңберінде Пайдаланушыны жеке сүйемделдеу қосымша қызметтерін көрсете алады. Толық курс шеңберіндегі Қызметтер көрсету сағаттарының дәл саны Пайдаланушы таңдаған Курсқа байланысты және Сервисте орналастырылған Бағдарламада анықталады. Толық курстан өту аяқталғаннан кейін Пайдаланушыға сертификат беріледі. Егер бұл тиісті Курста көзделген болса, Қызметтер көрсету Когорталарда жүруі мүмкін. Қызметтер көрсетудің басталуы күні бүкіл Когорта үшін белгіленеді. Толық курс шеңберінде Қызметтер көрсетудің максималды мерзімі Сервисте көрсетілген.

Пайдаланушы келісімі / Сервис шарттары — Интернет желісінде

https://yandex.com/legal/practicumint_termsofuse мекенжайы бойынша орналасқан Сервисті пайдалану шарттары

Пайдаланушы — осы Офертаның шарттарымен танысқан және Сервисте «Курсты бастау» немесе «Пайдаланушы келісімінің шарттарын қабылдаймын» және «Оферта» тармағында батырманы басу/құсбелгіні қою жолымен осы офертаны акцепттеген, Сервистің Шарттарына сай тіркелген және авторландырылған пайдаланушы болып табылатын кез келген кәмелетке толған жеке тұлға.

Байластырылған банк картасы — деректері Пайдаланушы келісіміне сәйкес және Офертаға сәйкес Сервисте көрсетілген және қолжетімді, сондай-ақ деректері Интернет желісінде <https://yandex.com/legal/rules> мекенжайы бойынша орналастырылған Яндекс сервистерінің пайдаланушы келісіміне сәйкес <https://passport.yandex.com> мекенжайы бойынша қолжетімді «Яндекс ID» сервисіндегі Пайдаланушының есептік жазбасында қолжетімді Пайдаланушының бір немесе бірнеше банк картасы.

Бағдарлама — Сервисте орналастырылған белгілі бір Курс бойынша құрылым және мазмұн (контент). Бағдарлама Кіріспе және Толық курстардан тұруы мүмкін.

Бағдарламаға қатысты Қызметтер көрсету мерзімі Сервисте орналастырылған.

Сервис — Пайдаланушы үшін <https://practicum.yandex.com> мекенжайы бойынша қолжетімді Яндекс.Практикум сервисі, оның көмегімен Орындаушы Пайдаланушыларға Қызметтер көрсетеді.

Қызметтер құны — Сервисте көрсетілген Толық курстың құны.

Тараптар — Орындаушы мен Пайдаланушының бірлесіп айтылуы.

Промокодтарды пайдалану шарттары —

https://yandex.com/legal/practicumcom_promocode/ мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған Яндекс Практикум сервисінде Промокодтарды пайдалану шарттары

Қызмет — Орындаушы Пайдаланушыға ақы бойынша көрсететін, Толық курс Модульдеріне қол жеткізу беруді қамтитын (бұдан әрі — «Қол жеткізу») қызмет, сондай-ақ, бұл Бағдарламада көзделген болса, Пайдаланушыны жеке сүйемелдеу қосымша қызметтері. Қызметтер қашықтан көрсетіледі (онлайн).

Осы бөлімде айқындалмаған терминдердің Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің қолданыстағы редакциясында берген мағыналары болады.

2. МӘНІ

2.1. Осы Офертаның мәні Орындаушының Пайдаланушыға осы Офертада көзделген тәртіппен және шарттармен Қызметтер көрсетуі болып табылады.

2.2. Сервис шеңберіндегі Бағдарламаның сипаттамасы, сондай-ақ Қызметтердің толық құны, оларды төлеу тәртібі мен тәсілдері Сервис бетінде көрсетілген.

2.3. Пайдаланушы осы офертаны акцепттеген және Пайдаланушы Бағдарламаны таңдаған жағдайда, Орындаушы Пайдаланушыға Кіріспе курс шеңберінде Қызметтер көрсетеді, егер ол Бағдарламада көзделген болса. Орындаушы Кіріспе курс шеңберінде беретін барлық материалдар Пайдаланушыға Жеке кабинетте қолжетімді болады.

2.4. Сервис шеңберінде Орындаушы Пайдаланушыға Бағдарламада көзделген тәртіппен Бағдарламаға сәйкес біртіндеп әртүрлі Модульдерге қол жеткізуді ұсынады.

Егер Бағдарламада Кіріспе курс көзделген болса, оның шеңберінде Қызметтер көрсетілгеннен кейін Пайдаланушы Жеке кабинетте Толық курс шеңберінде Қызметтер көрсетуге өтінім қалдыра алады. Орындаушы Пайдаланушының өтінімін қарайды, содан кейін Пайдаланушыға Бағдарлама бойынша Толық курстан өту мүмкіндігі беріледі, оның толық сипаттамасы және құны Сервис бетінде орналастырылады. Қызметтерге ақы төлеу Офертаның 5.3-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

2.5. Егер Пайдаланушыны осындай Пайдаланушы үшін Қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыратын ұйым (заңды тұлға немесе дара кәсіпкер) мен Орындаушы арасында жасалған шартқа сәйкес осындай ұйым жіберген жағдайда, Пайдаланушы осындай шарттың талаптарымен танысқанын және келісетінін растайды.

2.6. Егер бұл тиісті Бағдарламада көзделген болса, одан сәтті өткеннен кейін Пайдаланушыға онлайн-тесттен өту мүмкіндігі немесе өзге де білімді тексеру тәсілі ұсынылады. Тестті өткізу нысанын Орындаушы айқындайды.

Пайдаланушы осы тесттен сәтті өткен жағдайда Пайдаланушыға сертификат беріледі.

Тесттен сәтті өтуге қойылатын талаптарды Орындаушы әрбір Бағдарлама үшін айқындайды және емтихан тапсырар алдында Сервисте белгіленеді.

2.7. Қызметтерді көрсетуді қорытынды аттестаттаумен және (немесе) білім беру туралы құжат берумен сүйемелденбейді, және ол білім беру қызметі болып табылмайды.

2.8. Пайдаланушы Промокодты пайдаланған жағдайда Тараптарға қатысты Промокодтарды пайдалану шарттары қолданылады. Промокодтарды пайдалану шарттары мен Оферта арасында қайшылықтар болған жағдайда, Промокодтарды пайдалану шарттары басым күшке ие болады. Промокодты белсендіре отырып, Пайдаланушы Промокодтарды пайдалану шарттарымен танысқанын және олармен келіскенін растайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Пайдаланушының құқықтары:

3.1.1. Орындаушының Қызметтер көрсету шарттары туралы ақпаратты және Қызметтерге қатысты өзге де ақпаратты Сервисте көрсетілген тәсілдермен алуға құқылы. Сұрақтар туындаған жағдайда Авторландырылған мекенжай бойынша Орындаушының қолдау қызметіне хабарласыңыз.

3.1.2. Кіріспе курстан өткеннен кейін Пайдаланушы Толық курсқа кіретін қызметтерді көрсетуге өтінімді Жеке кабинет арқылы берген сәтте Сервисте көрсетілген құн бойынша сатып алу.

3.1.3. Пайдаланушы сатып алған Бағдарламадан бас тарту және Офертаның 7-бөліміне сәйкес Шартты бұзу. Мұндай бас тарту осы Офертада көзделген Орындаушының Пайдаланушы алдындағы барлық міндеттерін тоқтатуға әкеп соғады.

3.1.4. Пайдаланушы таңдаған Курсқа және осы Курс ішіндегі материалдарға сәйкес Қызмет алу.

3.1.5. Егер бұл тиісті Курста көзделсе, Орындаушымен келісім бойынша Бағдарлама бойынша Қызметтер көрсету барысында (ұзақтығы бір айдан аз Курстарды қоспағанда) Когортаны мынадай қағидаларға сәйкес ауыстыру:

3.1.5.1. Орындаушымен тиісті келісімнен кейін Пайдаланушы бастапқыда қабылданған Когортадан сол Пайдаланушының Когортасынан кейін Қызметтер көрсету басталған күннен кейінгі Когорттардың біріне ауысады.

3.1.5.2. Өз Когортасын ауыстыру үшін, Пайдаланушы Жеке кабинеттегі нысан арқылы өтінім қалдырады.

3.1.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілетін өзге Пайдаланушы құқықтарын іске асыру.

3.2. Пайдаланушының міндеттері:

3.2.1. Осы Офертаның барлық шарттарымен, сондай-ақ Сервистің Шарттарымен егжей-тегжейлі танысып, оларды осы Офертаны акцептеу кезінде толық көлемде қабылдау.

3.2.2. Орындаушы қол жеткізу мүмкіндігін берген материалдарды тек қана жеке мақсатта осы Офертада және Сервис Шарттарында айқындалған шарттарға сәйкес пайдалану, осы материалдарды көшірмеу, оларды үшінші тұлғаларға бермеу.

3.2.3. Осы Офертаны акцептеу кезінде Орындаушыға төмендегілерді қамтитын қажетті дербес ақпаратты ұсыну:

- Пайдаланушының Т. А. Ә.,
- Пайдаланушының телефон нөмірі,
- Пайдаланушының тұрғылықты мекенжайы,
- сондай-ақ, тізбесі Пайдаланушыға Қызметтерді ресімдеу кезінде және Қызметті көрсету процесінде толтыру үшін ұсынылатын сауалнамаларда айқындалған өзге де ақпарат.

Егер Пайдаланушының өзі Қызметтерді сатып алу кезінде олардың дұрыстығына көз жеткізбесе, Пайдаланушы дұрыс ұсынбаған деректер үшін Орындаушыға ешқандай наразылықтары жоқ екенін Пайдаланушы мойындайды.

3.2.4. Пайдаланушы таңдаған Курс шеңберінде практикалық тапсырмаларды тиісті Бағдарламада көзделген мерзімдерде және тәртіппен өз бетінше орындау.

3.2.5. Пайдаланушы таңдаған Курс шеңберінде практикалық тапсырмаларды орындау кезінде орындалған практикалық тапсырмаларды және/немесе басқа Пайдаланушылардың орындалған практикалық тапсырмаларының бөліктерін пайдаланбау.

3.2.6. Кез келген тұлғаларға қатысты өнегелік және әдептік мінез-құлықты сақтау, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: былапыт сөздерді пайдаланбау, балағаттамау, кез келген негіздер бойынша кемсітуші сөздер айтпау, кез келген тұлғаларға қатысты өзге құқыққа қарсы және әдепсіз әрекеттер жүзеге асырмау.

3.2.7. Осы Офертаның 5.3-тармағында көзделген тәртіппен Сервисте көрсетілген Қызметтер Құнын уақытылы төлеу.

3.3. Орындаушының құқықтары:

3.3.1. Пайдаланушыдан Орындаушыға Қызметтерді ресімдеу кезінде толтыру үшін Пайдаланушыға ұсынылатын сауалнамада тізбесі айқындалған Қызметтерді көрсету үшін қажетті Дербес ақпаратты, сондай-ақ осы Офертада баяндалған тәртіппен және шарттармен Қызметтер Құнын төлеуді талап ету.

3.3.2. Сервисте тиісті ақпаратты орналастырып, Қызметтер Құнын біржақты тәртіппен және кез келген уақытта белгілеу және/немесе өзгерту.

3.3.3. Пайдаланушыға осы Офертаның кез келген ережелерін және Сервис Шарттарын сақтамаған жағдайда Пайдаланушыға Қызметтер көрсетуден бас тарту.

3.3.4. Шартты бұзған кезде Пайдаланушының Курс материалдарын пайдалану мүмкіндігін шектеу.

3.4. Орындаушы міндетті:

3.4.1. Пайдаланушыға осы Офертаның шарттарына сай Пайдаланушы таңдаған Курсқа сәйкес Бағдарлама бойынша Қызмет көрсету.

3.4.2. Толық курсты төлеу кезінде Пайдаланушыға Толық курс Пайдаланушылары үшін Сервисте көзделген Сервистің кеңейтілген функциялық мүмкіндіктерін ұсыну;

3.4.3. Пайдаланушыға оның сұрауы бойынша Қызметтер көрсету шарттары туралы ақпарат беру, сондай-ақ Пайдаланушыға таңдаған Курсына байланысты Сервисте ақпараттық және анықтамалық материалдар ұсыну.

3.4.4. Оферта шарттарын орындауға жатпайтын мақсаттар үшін Оферта акцепті шеңберінде Орындаушыға берілген Пайдаланушының Дербес ақпаратын пайдаланбау.

3.4.6. Заңнаманың талаптарына, Сервис Шарттарына және

<https://yandex.com/legal/confidential> мекенжайы бойынша жарияланған Құпиялылық саясатына сәйкес Пайдаланушының Дербес ақпаратын өңдеуді жүзеге асыру:

3.5. Қызметті осы Офертаның шарттарымен сатып ала отырып, Пайдаланушы Сервисте ұсынылған Пайдаланушы таңдаған Курс бойынша оқу Бағдарламасымен танысқанын растайды. Орындаушы Бағдарламаға өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Мұндай өзгерістер енгізілген жағдайда Орындаушы бұл туралы Пайдаланушыны қандай да бір түрде хабардар етуге міндетті емес. Пайдаланушы Сервистегі Бағдарламадағы осындай өзгерістерді өз бетінше қадағалайтынымен келіседі.

3.6. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының талаптарына сәйкес осы Офертаны акцептеген Пайдаланушы Орындаушының Офертаның, Пайдаланушы келісімінің шарттарына сәйкес және Құпиялылық саясатының шарттарымен қызмет көрсету мақсатында Пайдаланушының дербес ақпаратын пайдалануына ((<https://yandex.com/legal/confidential>), оның ішінде "ЯНДЕКС" ЖШҚ-ның деректерін Қызметтер көрсетуге тартылатын тұлғаларға (Сервистің дербес ілесіп жүретін мамандарына) беруге).

Пайдаланушы Орындаушыға Жеке кабинетте көрсетілген дербес деректердің Пайдаланушының сенімді дербес деректері болып табылатындығына кепілдік береді. Пайдаланушы өзі көрсеткен деректердің дұрыстығына жауап береді.

Осы келісім Сервисті пайдалану кезеңінде және Сервисті пайдалану тоқтатылғаннан кейін 10 жыл ішінде қолданылады. Осы келісімді Пайдаланушы тиісті хатты practicum@support.yandex.com электрондық пошта мекенжайына жіберу арқылы кері қайтарып ала алады. Пайдаланушының Дербес ақпаратын жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу және оларды сақтау қажеттілігін жою кезінде бұл деректер жойылуға жатады.

Пайдаланушы Дербес ақпаратты «Y. Izdeu & Jarnama» ЖШС басқа мемлекеттерге беруі мүмкін екендігіне өз келісімін білдіреді.

4. ОФЕРТАНЫ АКЦЕПТТЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Пайдаланушыға Қызметтер көрсету тек қана осы Оферта шарттарында және Пайдаланушы осы Оферта (Оферта акцепті) шарттарын толық және сөзсіз қабылдаған жағдайда ғана жүргізіледі. Ішінара акцептке не өзге шарттардағы акцептке жол

берілмейді. Егер Пайдаланушы осы Офертаның шарттарын толық көлемде қабылдамаса, Орындаушы оған Қызметтер көрсетуді жүзеге асырмайды.

4.2. Оферта Акцепті Пайдаланушының келесі әрекеттерді дәйекті жүзеге асыруы болып саналады:

4.2.1. Пайдаланушының Сервисте Бағдарламаны таңдауы және "Курсты бастау" батырмасын басу;

4.2.2. Офертамен және Сервис Шарттарымен танысу;

4.2.3. "Пайдаланушы келісімі" және "Оферта" шарттарын қабылдаймын" мәтіні бар өріске құсбелгі қою

4.3. 4.2.1-4.2.3-тармақтарда көрсетілген іс-қимылдар жиынтығы жасалған сәттен бастап Оферта Пайдаланушымен акцептелген болып есептеледі, бұл Шарт жасасудың растауы болып табылады. Кіріспе курс аяқталғаннан кейін (егер бар болса) Пайдаланушыға осы Офертаның талаптарына сәйкес Қызметтер көрсетуге өтінім беру не Пайдаланушы Кіріспе курсты аяқтаған және Пайдаланушы Жеке кабинет арқылы Толық курс Қызметтеріне өтінім бермеген кезде Шартты бұзу мүмкіндігі беріледі.

4.4. Офертаны акцептеу үшін жеке тұлға <https://passport.yandex.com>  мекенжай бойынша қолжетімді "Яндекс ID" сервисінің көмегімен авторландырылуы тиіс.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕР ЖАСАУ ТӘРТІБІ

5.1. Қызметтерді ресімдеу үшін Пайдаланушы:

- Яндекс ID арқылы авторизациялау арқылы Сервисте Жеке кабинет жасайды,
- қол жеткізуді Пайдаланушы ұсынылған Бағдарламалар шеңберінде сатып алғысы келген Курсты таңдайды, Офертаны акцептейді;
- Шартты жасасады.

Сервисте Жеке кабинет құру кезінде Пайдаланушы өзі туралы барлық қажетті Дербес ақпаратты енгізеді, оның тізбесі осы Офертаның 3.2.3-тармағында айқындалған.

5.2. Курс шеңберіндегі Қызметтер құны Сервисте көрсетіледі. Қызметтер құнына Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын барлық салықтар, оның ішінде ҚҚС кіреді.

5.3. Төлем валютасы - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге). Пайдаланушы Қызметтер құнын Курс шеңберінде Сервисте мынадай тәсілдердің бірін таңдау арқылы қолма қол ақшасыз тәртіппен төлейді:

5.3.1. Орындаушы Қызметтерді көрсетуді бастағанға дейін бүкіл Курс бойынша Қызметтердің толық құнын төлеу.

5.3.2. Қызметтер құнын ай сайынғы тең төлемдермен төлеу. Төлемдер саны Толық курс бойынша Қызметтер көрсету мерзімінің айларының санын құрайды. Ай сайынғы төлем мөлшері Сервисте төлем тәсілін таңдау кезінде Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсетіледі.

5.3.3. Пайдаланушы үшін Қол жеткізуді алғанға дейінгі бүкіл Толық курс үшін Қызметтердің Толық құнын үшінші тұлғаның төлеуі. Осы тармақтың шарттарын орындау

шеңберінде үшінші тұлға деп заңды тұлға түсініледі.

5.3.4. Пайдаланушының Байланыстырылған банк картасынан тең ай сайынғы төлемдерді автоматты түрде есептен шығару арқылы Қызметтер құнын төлеу. Ай сайынғы төлем мөлшері Сервисте төлем тәсілін таңдау кезінде Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсетіледі.

5.4. Осы Офертаның 5.3.4-тармағына сәйкес төлем Пайдаланушының Байланыстырылған банк картасынан ақша қаражатын есептен шығару арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте Курсқа қол жеткізу бірінші ай сайынғы төлем жасалғаннан кейін ғана беріледі. Екінші ай сайынғы төлем Толық курс бойынша Қызметтер көрсету басталған күннен бастап 27 (жиырма жеті) күнтізбелік күннен кейін есептен шығарылады. Кейінгі ай сайынғы төлемдер алдыңғы төлем жасалған күннен бастап әр 30 (отыз) күнтізбелік күн сайын есептен шығарылады.

Офертаның осы тармағына сәйкес ақша қаражатын есептен шығару мынадай талаптар сақталған кезде автоматты негізде жүргізіле бастайды:

- Пайдаланушы тарапынан Байланыстырылған картаның барлық қажетті деректемелерінің енгізілуі;
- байланыстырылған банк картасынан Автоматты негізде ақша қаражатын есептен шығару жөніндегі сервисті келесі тәсілмен іске қосу: бірінші төлем жасалған кезде автоматты түрде;
- осы Офертаның акцепті.

5.5. Орындаушы осы Офертаның 5.3.4-тармағында көзделген кезекті төлемдерді Пайдаланушы бірінші төлем жасаған кезде көрсеткен Байланыстырылған банк картасынан есептен шығаруды жүргізеді.

5.6. Пайдаланушының Байланыстырылған банк картасында ақша қаражатының жеткілікті саны болмаған немесе Орындаушының өзге себептер бойынша Пайдаланушының Байланыстырылған банк картасынан ақша қаражатын есептен шығаруы мүмкін болмаған жағдайда, Пайдаланушы Орындаушының кезекті төлемді қайта есептен шығаруы үшін Байланыстырылған банк картасын толықтыруға міндеттенеді.

5.7. Қызметтердің толық Құнын төлегеннен немесе осы Офертаның 5.3.4-тармағында көзделген кезекті төлемді төлегеннен кейін Пайдаланушының Жеке кабинетінде Сервисте төлемнің растамасы пайда болады.

5.8. Қызметтер құны Орындаушының шотына аудару үшін Пайдаланушының Байланыстырылған банк картасынан осы Офертаның 5.3.4-тармағында көзделген Қызметтердің толық Құнын немесе бірінші және барлық кезекті төлемдерді есептен шығарған сәттен бастап Пайдаланушы төлеген болып есептеледі.

5.9. Пайдаланушының аударған Қызметтер құны Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсетілген Когортаға Қызметтер көрсету басталған күннен бастап, оның ішінде осы Офертаның 3.1.5-тармағының ережелеріне сәйкес Пайдаланушының бастамасы бойынша Когортаны ауыстыру кезеңі ішінде Курстың бүкіл мерзімі ішінде күн сайын тең бөліктермен есептен шығарыла бастайды.

5.10. Орындаушы осы Офертаны кері қайтарып алуға, Пайдаланушымен Шартты бұзуға және осы Офертаның 5.3-тармағына сәйкес таңдалған төлем тәсілімен көзделген кезекті төлемді Пайдаланушы төлемеген жағдайда, Пайдаланушыны Жеке кабинетте немесе Сервисте көзделген өзге де тәсілмен хабардар ете отырып, кез келген уақытта Бағдарламаның қажетті барлық материалдарына қолжетімділікті жабуға құқылы.

5.11. Орындаушы кез келген уақытта өз қалауы бойынша осы Офертаның 5.3-тармағында көрсетілген төлем әдістерінің кез келгенін пайдалану мүмкіндігін шектеуге құқылы.

5.12. Қызметтерге ақы төлеуге байланысты барлық банктік шығыстар мен комиссиялар Орындаушы мен Пайдаланушы арасында келесідей бөлінеді: Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық шығыстар – Орындаушының есебінен, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шығыстар – Пайдаланушының есебінен. Егер Пайдаланушы төлемді жүзеге асырған кезде төлем валютасы Қызметтер құнының валютасынан (теңге) өзгеше болса, онда айырбастау төлеуші банктің бағамы бойынша жүзеге асырылады. Орындаушы төлемді жүзеге асырған кезде айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша жүзеге асырылады.

6. ТӨЛЕМ ДЕРЕКТЕРІ

6.1. Пайдаланушыға осы Офертаның 5.3.4-тармағына сәйкес Қызметтер құнын одан әрі төлеу мүмкіндігін беру мақсатында Пайдаланушы өзінің банктік картасын Жеке кабинеттегі Сервиске байланыстырады.

6.2. Байланыстырылған банк картасын Сервисте тіркелу кезінде Пайдаланушы көрсетеді, бұл ретте Пайдаланушы мынадай деректерді енгізеді:

- Банк картасының нөмірі;
- Жарамдылық мерзімі;
- Қорғаныс коды.

Егер банк картасының деректері дұрыс, жарамды болса және Сервис шеңберінде осы картаны пайдалану техникалық тұрғыдан мүмкін болса, көрсетілген банк картасы Байланыстырылған мәртебеге ие болады және Қызметтер құнын төлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

6.3. Осы Офертаның 6.2-тармағына сәйкес өз деректерін көрсеткен және байланыстырылған картаны одан әрі пайдаланған кезде Пайдаланушы олардың атына берілген жарамды банк картасы туралы дұрыс және толық ақпаратты көрсетуін; оның халықаралық төлем жүйелерінің ережелерін және байланыстырылған картаны шығарған эмитент банктің талаптарын, оның ішінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды жүргізу тәртібіне қатысты сақтауын растайды және кепілдік береді.

6.4. Орындаушы кез келген сәтте Пайдаланушыдан Сервис шеңберінде көрсетілген деректерді, оның ішінде Байланыстырылған карта деректерін растауды талап етуге және осыған байланысты растайтын құжаттарды (атап айтқанда, жеке басын куәландыратын құжаттарды) ұсыну жолымен Пайдаланушының жеке басын растауды сұрау құқығын өзіне қалдырады.

7. ҚЫЗМЕТТЕРДЕН БАС ТARTУ ЖӘНЕ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

7.1. Пайдаланушы сатып алған Толық Курс үшін ақшалай қаражатты қайтару осы Оферта белгілеген тәртіппен және шарттарда ғана мүмкін болады.

7.2. Пайдаланушы Кіріспе курстан (егер ол көзделген болса) толығымен бас тартуға және Қызметтер көрсету басталған күннен бастап кез келген күні Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға (шарттан бас тартуға) құқылы.

7.3. Пайдаланушы practicum@support.yandex.com  мекенжайы бойынша өтінім беру арқылы Қызметтерге ақы төлеу күнінен бастап 1 (бір) жыл ішінде Қызметтерден толық бас тартуға және Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға (шарттан бас тартуға) құқылы.

Осы Тармақтың талаптарына сәйкес Шарттан бас тартумен бір мезгілде Пайдаланушы Орындаушыға қағаз тасымалдағыштағы ақша қаражатын қайтару туралы жазбаша өтініштің (бұдан әрі – Өтініш) түпнұсқасын жіберуге міндетті, онда, басқалармен қатар, Пайдаланушы Пайдаланушының банк шотының (IBAN) халықаралық нөмірін көрсетуге міндетті. Орындаушыға Өтініш беру Пайдаланушыға ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады. Пайдаланушы Өтінішті Орындаушыға Офертаның 11-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жібереді.

Орындаушы Пайдаланушыға Орындаушы нақты көрсеткен Қызметтердің құнын шегергендегі бағдарлама үшін Пайдаланушы төлеген ақшалай қаражатты Қызметтер құнын төлеу жүзеге асырылған банк картасына Пайдаланушыға қайтаруға міндеттенеді.

Банк картасының нөмірі оны қайта шығару және/немесе Қызметтердің Құнын төлеу жүзеге асырылған банк картасын пайдалана отырып операциялар жасау үшін ашылған банк шотын жабу кезінде өзгерген жағдайда, Орындаушы Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Офертаның 7-тармағының шарттарына сәйкес ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асырады. Бұл жағдайда қызметтердің құнын қайтару теңгемен немесе Орындаушымен келісім бойынша мынадай валюталардың бірінде жүзеге асырылады: АҚШ долларымен немесе еуромен (бұдан әрі – Қайтару валютасы). Пайдаланушы аталған валюталардың бірінде банктік шотын ашуы керек. Сондай-ақ, Пайдаланушы өзінің Өтінішінде Қайтару валютасында ашылған шоттың деректемелерін көрсетуге міндетті. Жоғарыда көрсетілген шарттар сақталған жағдайда қайтаруды Орындаушы Төлем валютасында жүзеге асырады. Қайтару валютасындағы қайтару сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайтаруды жүзеге асыру күні белгілеген Қайтару валютасының теңгеге бағамы бойынша айқындалады.

7.3.1. Қайтару сомасы келесі тәртіппен анықталады:

7.3.1.1. Бағдарлама бойынша Қызметтер көрсетілетін бір күннің құнын есептеу формуласы:

$Y = X / N1$, мұнда

Y — Толық курстың бір күніне Қызметтер көрсету құны;

X — Толық курс Қызметтерін көрсету құны;

N1 — Бағдарлама бойынша Толық курс күндерінің саны.

Тараптар Пайдаланушының өзі қабылданған бірінші Когортадан екіншісіне аударылған/ауысқан жағдайда, Пайдаланушыға ақшалай қаражатты қайтару мақсатында Бағдарлама бойынша (N1) Толық курсқа Қол жеткізуді беру күндерінің толық саны Пайдаланушының

бірінші Когортасына қол жеткізуді беру ұзақтығына сүйене отырып есептелетініне келіседі.

7.3.1.2. Толық курс құнын қайтару сомасы мына формула бойынша есептеледі:

$Z = P - Y * N2$, мұнда

Z — Толық курс бойынша қайтару сомасы;

P — Пайдаланушы төлеген Бағдарлама бойынша Қызметтердің құны;

Y — Толық курстың бір күніне Қызметтер көрсету құны;

N2 — Қызметтер көрсету басталған күннен бастап Пайдаланушының Толық курс Қызметтерінен бас тартқан күніне дейін (соңғы күнін қоса алғанда) Қызметтер көрсету күндерінің саны (Когортаны ауыстыру кезеңдерін қоса алғанда).

7.4. Орындаушы Бағдарлама бойынша Қайтару сомасынан Шартты орындау үшін қажетті Орындаушының нақты шеккен шығыстарын ұстап қалады.

7.5. Орындаушының ақшалай қаражатты қайтаруы мерзімі Пайдаланушы қайтару үшін қажетті құжаттарды (оның ішінде Орындаушы Офертаның 6.4-тармағында көзделген тәртіппен сұраған құжаттарды) уақытылы және толық ұсынған шартпен, Орындаушы Офертаның 7.3-тармағында көзделген тәртіппен жіберілген Өтінішті алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайды.

7.6. Тиісті Кезең ішінде көрсетілген қызметтер (бұл термин төменде айқындалғандай), егер Қызметтер көрсету кезеңі аяқталғаннан кейін үш күнтізбелік күн ішінде Орындаушы Пайдаланушыдан дәлелді жазбаша қарсылықтар алмаса, Орындаушы тиісінше көрсеткен және Пайдаланушы толық көлемде қабылдаған болып есептеледі. Қызмет тер көрсету кезеңі күнтізбелік ай болып табылады. Тараптар Қызметтер көрсетудің бірінші кезеңін Қызметтер көрсету басталған күннен бастап Қызметтер көрсету басталған айдың соңғы күніне дейінгі кезең деп таниды, Қызметтер көрсетудің соңғы кезеңі оферта бұзылған/ Қызметтер көрсету аяқталған күнге дейінгі кезең болып табылады. Жоғарыда көрсетілген мерзім өткен соң, Қызметтердің кемшіліктеріне, оның ішінде саны (көлемі), құны және сапасы бойынша Пайдаланушының шағымдары қабылданбайды. Көрсетілген қызметтер туралы актіні Орындаушы қызмет көрсетудің әрбір Кезеңі аяқталғаннан кейін электрондық түрде қалыптастырады, Пайдаланушыға Орындаушының Авторландырылған мекенжайына жіберілген Пайдаланушының сұрау салуы бойынша ғана Авторландырылған мекенжай бойынша электрондық түрде жіберіледі.

8. ОФЕРТАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОФЕРТАНЫ ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Осы Оферта https://yandex.com/legal/practicumcom_offer мекенжайы бойынша жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және Орындаушы осы Офертаны қайтарып алған сәтке дейін әрекет етеді. Орындаушы Офертаны кері қайтарып алғаннан кейін Офертаны акцептеуге жол берілмейді.

8.2. Орындаушының осы Офертаның мәтініне өзгерістер енгізуге құқығы бар. Мұндай өзгерістер уақытылы жарияланады және https://yandex.com/legal/practicumcom_offer мекенжайы бойынша ортақ қол жетімділікте болады, егер Офертада өзгеше көзделмесе, олар жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Осы Офертаның мәтініне өзгерістер енгізілген жағдайда Орындаушы бұл туралы Пайдаланушыға қосымша хабарлауға міндетті емес.

8.3. Орындаушы сондай-ақ Сервисте жарияланатын Бағдарламаларға өзгерістер енгізуге, сондай-ақ ұсынылған Бағдарламалар шеңберінде ұсынылатын Курстардың тізбесін өзгертуге құқылы.

8.4. Орындаушы ұсынған және Сервисте жарияланған Бағдарламалар шеңберінде Орындаушының Оферта мәтініне және/немесе Оқу бағдарламасына өзгерістер енгізгеннен кейін Пайдаланушының Қызметтер алуды жалғастыруы оған енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Пайдаланушының Оферта акцептін және Пайдаланушының Бағдарламаны және/немесе Курсты өзгертуге келісуін білдіреді.

8.5. Орындаушы Пайдаланушының Офертаның 3.2-тармағында көзделген өз міндеттерін орындамауы және/немесе бұзуы жағдайында осы Офертаны біржақты соттан тыс тәртіппен кері қайтарып алуға және Пайдаланушымен кез келген уақытта пайдаланушыны Жеке кабинетте және/немесе Шартты орындау процесінде Тараптар пайдаланатын мессенджерде және/немесе Авторландырылған мекенжайларды пайдалана отырып, электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып, Пайдаланушымен Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

8.6. 8.5-тармақта көрсетілген жағдайларда Орындаушы Орындаушының Шартты бұзу туралы хабарламаны қоса алғанда, Пайдаланушыға жіберген күні бойынша Толық курс шеңберінде Қызметтер көрсету басталған күнінен бастап өткен күндер санының құнын және Орындаушының шығыстарын шегергендегі Қызметтер құнын төлеу жүзеге асырылған банк картасына қайтару сомасын Пайдаланушыға қайтаруға міндеттенеді. Қызметтерді көрсетудің басталу күні Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсетіледі. Қайтару сомасын Орындаушы Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен бастап Орындаушы есептейді. Қайтару сомасы Офертаның 7.3.1-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалады.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

9.1. Егер Оферта шарттарының орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы Тараптардың еркі мен тілегіне қарсы туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаса және олар алдын ала, болдырмауға немесе болжай алмаса (форс-мажорлық мән-жайлар) Тараптар жауапты болмайды.

9.2. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оларға дұрыс емес немесе көрінеу жалған дербес ақпарат беру нәтижесінде туындаған салдарлар үшін бүкіл жауаптылықта болады және осындай әрекеттер нәтижесінде басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзғаны үшін жауап береді. Пайдаланушы Орындаушыға дұрыс емес немесе көрінеу жалған Дербес ақпарат берген жағдайда, Орындаушы Пайдаланушының Қызметтер құнын төлеген жағдайда да Қызметтер көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады деп келіседі.

9.3. Орындаушы оқудың Пайдаланушының күткеніне және/немесе оның субъективті бағасына сәйкес келмегені үшін жауап бермейді.

9.4. Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер наразылық тәртібімен шешілетін болады. Наразылық қойылған талаптарды негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, осы Офертада көрсетілген Орындаушының мекенжайы бойынша жазбаша түрде Орындаушыға берілуге тиіс. Келіп түскен кінәрат-талапты Орындаушы ол түскен сәттен бастап 30 (отыз) күн ішінде қарайды.

9.5. Даулы мәселелер наразылық тәртібімен реттелмеген жағдайда, Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралуға жатады. Бұл ретте, айрықша соттылық жағдайларын қоспағанда, дауды қарау орны Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы болып табылады.

9.6. Кез келген жағдайда Шартты орындамауға/тиісінше орындамауға байланысты шығындарды өтеу кезінде Орындаушының жауапкершілік мөлшері Қызметтер көрсету құнынан аспауға тиіс.

10. ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Егер Офертаның қандай да бір ережесі қайшылыққа немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізуге байланысты болып табылса немесе жарамсыз болып қалса, онда бұл Офертаның қалған ережелерінің қолданылуын тоқтата тұруға негіз болып табылмайды.

10.2. Офертаның мәтінінде көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

11. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Атауы: «Ү. Izdeu & Jarnama» ЖШС

Орналасқан жері: 050059, Қазақстан, Алматы қ., Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 11/1 үй

БСН: 170240015454

тел.: (495) 739-70-00

факс: (495) 739-70-70

Авторландырылған мекенжайы: practicum@support.yandex.com 

Орналастыру күні: 27.06.2025 ж.

Құжаттың алдыңғы нұсқасы: https://yandex.ru/legal/practicumcom_offer/25022025